

Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптар

2. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілері мен қосымшаларында:

- 1) «Сырдария» университетінің атауы;
- 2) дәреже беру туралы аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасының күні мен нөмірі;
- 3) бітірушілердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);
- 4) білім беру бағдарламасының (мамандықтың) кодын және атауы;
- 5) берілетін дәреже;
- 6) оқыту нысаны;
- 7) университет басшысының қолы;
- 8) берілген күнін және орны (қала);
- 9) университет мөрі;
- 10) реттік тіркеу нөмірі болады (Қосымша 1, 2).

3. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарда институционалдық аккредиттеу бойынша аккредиттеу агенттігінің логотипі және (немесе) атауы орналастырылады.

Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарға қосымшада білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу бойынша аккредиттеу агенттіктерінің логотиптері және (немесе) орналастырылады.

4. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың қорғаныш белгілері болады.

5. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарда деректерді автоматты сәйкестендіру және жинау технологиясын және (немесе) QR коды (мөлшері 3x3 см. кем емес) қолданылады.

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттың әрбір түрі үшін серия мен реттік нөмірлеуді белгілейді.

Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мынадай сериялары бар:

- 1) бакалавр дәрежесі берілетін жоғары білім туралы диплом – BD;
- 3) магистр дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом – MD;

Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттың әр түрін нөмірлеу арнайы қызметті қолдану арқылы жасалады.

Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттың нөмірлерін қалыптастыру Ұлттық білім беру базасына енгізілген білім алушылар туралы ақпарат негізінде жүзеге асырылады.

7. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар басып шығару құрылғыларының көмегімен толтырылады.

8. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілері мен қосымшалары мемлекеттік, ағылшын және (немесе) басқа (орыс және т.б.) тілдерде толтырылады.

9. Бланкілер мынадай түрде толтырылады:

1) оқуды аяқтаған Қазақстан Республикасы азаматтары үшін «тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)» деген жолда адамның жеке басты куәландыратын құжаттағы (не оны алмастыратын құжаттағы) жазбаға сәйкес толық жазылады;

2) шетелдік азаматтың «тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)» деген жолда шетелдік паспорттың деректері бойынша жазылады;

3) «білім беру ұйымының толық атауы» деген жолда ЖЖОКБҰ ресми атауы көрсетіледі;

4) «дәреже/біліктілік берілді» деген жолда – берілетін дәреженің/біліктіліктің атауы;

5) «мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды және атауы» деген жолдарда мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды, атауы көрсетіледі;

6) «оқыту нысаны» деген жолда оқыту нысаны көрсетіледі.

Білім алушылар қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, білім беру бағдарламалары пәндерінің 50%-дан астамын игерген кезде «оқыту нысаны» деген жолда «қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып» деген тиісті белгі көрсетіледі;

7) бланкіде берілетін дипломның сериясы мен нөмірі, білім беру ұйымы орналасқан қала, бланкінің берілген күні: күні (санмен), айы (жазумен) және жылы (төрт таңбалы санмен), берілетін бланкілерді тіркеу журналы бойынша бланкінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

8) аттестаттау комиссиясы хаттамасының күні, нөмірі көрсетіледі;

10. Университет басшысының қолдары бланкілерде қара пастасы бар шарикті қаламмен қойылады. Мөрге бөлінген орынға университет мөрі қойылады.

11. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарға қосымшалар мынадай үлгіде толтырылады:

1) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) толық көрсетіледі;

2) пәндердің атауы, академиялық кредиттердің саны - ECTS. Бағалау (әріптік баламада, балмен және дәстүрлі (жазумен));

3) «Қорытынды аттестаттау» деген жолда академиялық кредиттердің атауы, саны - ECTS және бағасы (әріптік баламада, балмен және дәстүрлі (жазумен) көрсетіледі. Егер кешенді емтихан тапсырылса, онда кешенді емтиханға кіретін пәндердің атауы көрсетіледі және бір баға қойылады;

4) «Алдыңғы білім туралы құжат» деген сөздерден кейін осы адамды университетке қабылдауға негіз болған білім туралы құжаттың атауы, құжаттың нөмірі және оның берілген жылы көрсетіледі. Егер алдыңғы білім туралы құжат шетелде алынған жағдайда, оның мемлекеттік, ағылшын және (немесе) басқа (орыс және т.б.) тілдерге аударылған атауы және осы құжат берілген елдің атауы көрсетіледі;

5) «Оқуға түсті» және «Оқуды аяқтады» деген жолда тиісінше оқуға түскен жылы және оқуды бітірген жылы төрт таңбалы сандармен, сондай-ақ осы адам оқуға түскен университеттің толық атауы және осы адам бітірген

университеттің атауы көрсетіледі. Студент оқи алатын басқа жоғары оқу орындары көрсетілмейді;

6) «Игерілген академиялық кредиттердің жалпы саны – ECTS» деген жолда кредиттер саны цифрлармен көрсетіледі;

7) «Оқытудың орташа өлшемді бағасы (GPA)» деген жолда оқудың барлық кезеңіндегі орташа балл цифрлармен көрсетіледі;

8) «Кәсіптік практика» деген жолда академиялық кредиттердің атауы, саны - ECTS және бағасы (әріптік баламада, балмен және дәстүрлі (жазумен) көрсетіледі;

9) «Теориялық оқыту кредиттерінің саны» және «Теориялық оқыту ECTS кредиттерінің саны» деген жолда теориялық оқыту кредиттерінің саны цифрлармен көрсетіледі;

10) «Аттестаттау комиссиясының шешімімен» деген жолда хаттаманың нөмірі және күні цифрлармен көрсетіледі;

11) «Берілді (берілді)» деген жолда дәреже/біліктілік көрсетіледі;

12) «Мамандық және (немесе) білім беру бағдарламасы бойынша» деген жолда мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды мен атауы көрсетіледі;

13) «Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкестік деңгейі» деген жолда мынадай деңгей цифрлармен көрсетіледі: бакалавриат үшін – 6, магистратура үшін – 7.

12. 14. Студенттің осы дайындық бағыты немесе мамандығы үшін университеттің оқу жоспарында айқындалған пәндерден тыс оқыған пәндері студенттің өтініші бойынша оның келісімімен енгізіледі.

13. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарға қосымшаларға ЖЖОКБҰ басшысы қол қояды. Мөрге бөлінген орынға ЖЖОКБҰ мөрі қойылады.

14. Дипломға қосымшасыз жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді бітіргені туралы диплом жарамсыз болып табылады.

Қосымша 1. Бакалавр

Аттестационная комиссия

Аттестационная комиссия

Решением Аттестационной комиссии

От «...» ... года (протокол № ...)

присуждена степень **БАКАЛАВР**

по специальности и (или) образовательной программе

Form of training

By the Decision of the Attestation Commission

awarded the degree of **BACHELOR**

on the specialty and (or) educational program

Form of training

Date «...» ... года

М.О. _____

жылғы «...» _____ к.

BD 0000000001

Тіркеу нөмірі _____



Аттестационная комиссия

Аттестационная комиссия

Решением Аттестационной комиссии

От «...» ... года (протокол № ...)

присуждена степень **БАКАЛАВР**

по специальности и (или) образовательной программе

Form of training

By the Decision of the Attestation Commission

awarded the degree of **BACHELOR**

on the specialty and (or) educational program

Form of training

Date «...» ... года

М.О. _____

жылғы «...» _____ к.

BD 0000000001

Тіркеу нөмірі _____



Қосымша 2. Магистратура



MD 0000000001

